

Б.К. Рахимбекова Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.
e-mail: rahimbekovabakyt@gmail.com

РЕСЕЙ “ЖҰМСАҚ КҮШІНІҢ” БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫНДАҒЫ МИГРАЦИЯҒА ЫҚПАЛЫ

Мақала Ресейдің «жұмсақ күшін» білім беру миграция процесіне ықпалын зерттеуге арналған. Неолиберализм теоретиктері «жұмсақ күш» тұжырымдамасы әлемдік державалардың, соның ішінде Ресейдің білім, мәдениет және тілдің таралуы арқылы геосаяси ықпалға деген ұмтылысының көрінісі болып табылады. Бұл мақаланың өзектілігі білім беру көші-қонының ресейлік векторы қазақстандық жастар үшін негізгілердің бірі болып табылатындығына байланысты; статистикалық мәліметтерге сәйкес 2019/2020 оқу жылында Ресейдің түрлі жоғары оқу орындарында 70 мыңнан астам қазақстандық студент білім алған. Мақалада білім беру қызметтерінің халықаралық нарығында орналасу үшін ресейлік білімнің әлеуеті; көші-қон процестерін ынталандыратын демографиялық жағдай, сондай-ақ Ресей Федерациясының білім алу мигранттарын тарту жөніндегі мемлекеттік саясатының негізгі бағыттары қарастырылады. Ресейге білім беру көші-қонының барлық аспектілерін жан-жақты зерделеу және талдау Қазақстан студенттерінің көші-қонының салдарын модельдеу және болжау, Ресей Федерациясы мен Қазақстан арасындағы білім беру – мәдени, ғылыми және жалпы гуманитарлық ынтымақтастық мәселелерін жоспарлау үшін маңызды қолданбалы міндет болып табылады. Бұл мақала ҚР БҒМ «Қазақстаннан білім алу көші-қоны: үрдістер, факторлар және әлеуметтік-саяси салдарлар» жобасы аясында дайындалды.

Түйін сөздер: «жұмсақ күш», білім беру көші-қоны, Мемлекеттік саясат, білім беру қызметтерінің экспорты, демографиялық факторлар, Қазақстаннан білім алу көші-қоны.

B.K. Rakhimbekova

Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty,
e-mail: rahimbekovabakyt@gmail.com

Russia's "soft power" impact in the field of educational migration

The article is devoted to the study of the of Russia's "soft power" on the process of educational migration. The concept of "soft power", formulated by neoliberalism theorists, is a reflection of the desire of world powers, including Russia, for geopolitical influence through the spread of education, culture and language. The relevance of this article is due to the fact that the Russian vector of educational migration is one of the main ones for Kazakhstani youth; according to statistics, in the 2019/2020 academic year, more than 70 thousand Kazakhstani students studied at various higher educational institutions in Russia. The article deals with such issues as the potential of Russian education for positioning in the international market of educational services; the demographic situation that stimulates migration processes, as well as the main objectives of the state policy of the Russian Federation to attract educational migrants. Comprehensive study and analysis of all aspects of educational migration to Russia is an important applied task for modeling and predicting the consequences of migration of students from Kazakhstan, planning issues of educational, cultural, scientific and humanitarian cooperation between the Russian Federation and Kazakhstan in General. This article was prepared in the framework of the MES project "Educational migration from Kazakhstan: trends, factors and socio-political consequences".

Key words: «soft power», educational migration, state policy, export of educational services, demographic factors, educational migration from Kazakhstan.

Б.К. Рахимбекова

Казакский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы,
e-mail: rahimbekovabakyt@gmail.com

Влияние «мягкой силы» России в сфере образовательной миграции

Статья посвящена исследованию «мягкой силы» России на процесс образовательной миграции. Концепт «мягкой силы», сформулированный теоретиками неолиберализма, является отражением стремления мировых держав, в том числе и России, к геополитическому влиянию

посредством распространения образования, культуры и языка. Актуальность данной статьи обусловлена тем, что российский вектор образовательной миграции является одним из основных для казахстанской молодежи; согласно статистическим данным, в 2019/2020 учебном году в различных высших учебных заведениях России обучалось свыше 70 тысяч студентов из Республики Казахстан. В статье рассматриваются такие вопросы, как потенциал российского образования для позиционирования на мировом рынке услуг в сфере образования; демографическая ситуация, стимулирующая миграционные процессы, а также основные направления государственной политики РФ по привлечению образовательных мигрантов. Всестороннее изучение и анализ всех аспектов образовательной миграции в Россию является важной прикладной задачей для моделирования и прогнозирования последствий миграции студентов из Казахстана, планирования вопросов образовательно-культурного, научного и в целом гуманитарного сотрудничества между РФ и Казахстаном. Данная статья подготовлена в рамках проекта МОН РК «Образовательная миграция из Казахстана: тенденции, факторы и социально-политические последствия».

Ключевые слова: «мягкая сила», образовательная миграция, государственная политика, экспорт образовательных услуг, демографические факторы, образовательная миграция из Казахстана.

Кіріспе

Әлемдік жүйені дамытудың қазіргі жағдайында әлемнің жетекші мемлекеттерінің негізгі басымдығы халықаралық аренада өз позициясын нығайту және басқа елдерге ықпалын күшейту болып табылатыны даусыз. Бұл жағдайда әскери-саяси және экономика салаларында күш қолдану әдісі құрал ретінде пайдаланылуы мүмкін. Алайда, жаһанданған әлемнің заманауи трендтері әлемдік көшбасшылыққа ұмтылуға жаңа қырынан келуді қалайды: бұл зияткерлік, технологиялық және ақпараттық ресурстар саласындағы бәсекелестік. Мұның бәрі «жұмсақ күш» ұғымын қамтиды, оның теориялық анықтамасы Дж.Найдың 1990 жылғы «Қөшбасшы болуға міндетті: америкалық биліктің өзгеру табиғаты» атты жұмысында көрініс тапқан болатын» (Nye J.S., 1991).

Айта кетер тағы бір жәйт, білім беру саласына қатысты «жұмсақ күш» парадигмасын одан әрі теориялық тұрғыдан түсіндіріп дамытуда Дж.Найт «Knowledge diplomasy» (Білім дипломатиясы) жаңа тұжырымдамасымен танылды (J. Knight, 2014: 1-20). Бұлтартпас шындық 2010 жылдан бастап «жұмсақ күш» халықаралық рейтингісі өткізілуде, соңғысы 2019 жылы өтті. Соңғы рейтингте Ресей мемлекеті 48.64 ұпаймен 30-орынды иеленді.

Қазіргі Ресейде «жұмсақ күш» тұжырымдамасы сыртқы саяси стратегия императивтерінің бір дәрежесіне көтерілді. Сонымен, ресми дискурста ол «Ресей Федерациясының Сыртқы саясат тұжырымдамасында» пайда болды: «сыртқы саяси мәселелерді шешу үшін «жұмсақ күш» құралдары, ең алдымен азаматтық қоғамның, ақпараттық-коммуникациялық, гуманитарлық

және басқа әдістер мен технологиялардың мүмкіндіктерін, дәстүрлі дипломатиялық әдістерге қосымша пайдалану қазіргі халықаралық саясаттың ажырамас бөлігі болып табылады» (Тұжырымдама, 2016).

Бұл құралдардың маңыздылығы Ресей президенті В.В. Путиннің сөйлеген сөздерінде атап өтілді: «...Империя емес, мәдени прогресс; зенбіректер емес, саяси режимдердің импорты емес, білім мен мәдениеттің экспорты ресейлік тауарлар, қызметтер мен идеялар үшін қолайлы жағдай жасауға көмектеседі. Біз әлемдегі білім беру мен мәдени қатысуды бірнеше есе күшейтіп, оны халықтың бір бөлігі орыс тілінде сөйлейтін немесе орыс тілін түсінетін елдерде көбейтуіміз керек» (Путин, 2012).

«Білім беру қызметтерінің экспортын дамыту тұжырымдамасында» «Ресейдің ғылымын, мәдениетін, білімін және орыс тілін» колдау және насихаттау үшін шет елдерге кадрлар даярлау арқылы «Ресейдің сыртқы саяси бағытын жүзеге асыруға жәрдемдесу» туралы ереже бар (Тұжырымдама, 2010).

Мәселелердің академиялық дискурсы сыртқы саясаттағы Ресейдің «жұмсақ күшінің» рөлі мен факторларын зерттейтін орыс саясаттану әдебиетінде көрініс табады. Біздің зерттеу контекстінде А. Торкуновтың «Ресейдің сыртқы саясатында, білім «жұмсақ күш» құралы ретінде» мақаласы аса қызығушылығымызды тудырды (2012: 85-93). Онда автор Ресейдің геосаяси мүдделерін іске асырудың маңызды құралы ретінде Ресей білімінің әлеуетін зерттейді, ТМД мемлекеттерінен талапкерлерді тарту маңыздылығын атап өтеді. Бұрынғы Кеңестер Одағы аумағында білім беру сапасы мен оқу ақысының салыстырмалылығы,

ресейлік университеттердің академиялық беделі, аумақтық жақындығы және орыс тілінде оқу мүмкіндігі сияқты факторлар үміткерлерді көптеп тартуға жол ашады.

Әрине, білім беру құндылық бағдарларын, саяси сенімдерін қалыптастыруда, әлеуметтік коммуникацияларды орнатуда және жоғары оқу орындарында оқу кезінде жастардың рухани өсуі орын алған елге жағымды көзқарас қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Дейтұрғанмен, бұл болжам өте қайшылықты. Ресейлік зерттеуші В. Масич дұрыс атап өткендей, білім берудің «жұмсақ күшінің» тиімділігі үшін мақсатты саясат қажет, яғни, білім алған жастардың нақты санатын тарту, егер олар «орыс саясатының, мәдениетінің, құндылықтары мен тілінің әсер ету агенттері болмаса, онда, кем дегенде, Ресейге қатысты теріс немесе агрессивті көзқарасты білдірмейді (Масич, 2015). Ресей саяси элитасының дискурстік талдау мәлімдемелері бұл қағиданы растайды: «Алайда көптеген студенттер диплом алғаннан кейін өз елдеріне оралады. Бірақ, біз оларды болашақта «жұмсақ күш» ретінде қарастырамыз. Олар біздің идеяларымыздың таратушысы, мүдделеріміздің қорғаушысы болады. Мұндай адамдар әрқашан оларға білім берген елдермен оң ынтымақтастыққа дайын» (Федерация Кеңесінің Халықаралық істер жөніндегі комитеті төрағасының бірінші орынбасары Владимир Джабаров) (РФ БҒМ сайты).

Ресей білім беру саласында қызмет көрсетудің халықаралық нарығында

Ресми мәліметтерге сәйкес, ресейлік жоғары оқу орындары халықаралық студенттер санының 6 пайызын ғана өзіне тартады; бұл АҚШ, Ұлыбритания, Австралия, Қытай, Канада, Германия және Франциядан кейінгі сегізінші орын. Салыстырмалы түрде қарасақ, 1990 жылы КСРО ыдырағанға дейін шетелдік студенттер саны бойынша АҚШ пен Франциядан кейін 3-ші орында болатын. (РФ БҒМ сайты) Әлемнің 170-тен астам елінің резиденттері Ресей жоғары оқу орындарының студенттері болып табылады. Ресей Федерациясында оқитын студенттердің көпшілігі ТМД мемлекеттері, Шығыс Азия, Таяу Шығыс және Солтүстік Африка азаматтары.

Әлемдік нарықта білім экспортынан түсетін табыс үшін бәсекелестік үнемі өсіп келеді. Ресей Халық шаруашылығы және Мемлекеттік қызмет Академиясының үздіксіз білім беру экономикалық Орталық директоры 2019 жылдың

желтоқсан айында Гайдар форумындағы «Білім экспортын дамыту» пікірталас алаңында сөйлеген сөзінде статистикалық мынадай мәліметтер келтірген: Ресей бойынша білім экспортынан алынған қаражаттың жалпы көлемі 2017 жылы 8501193,1 мың рубльді құрады, 2018 жылы 10397618, 5 мың рубль, 2019 жылы 13085537,3 мың рубль (Ресей Федерациясының БҒМ сайты).

Зерттеушілердің білім беру қызметін көрсетудің әлемдік нарығындағы 0,5%-дан 6%-ға дейін, тіпті, одан жоғары Ресейдің үлес салмағын анықтауда бірқатар сәйкессіздіктердің бар екен атап өтеміз. Алайда, Ресей білім беру қызметтерін экспорттау бойынша 10 әлемдік көшбасшылардың қатарына кіретіні сөзсіз. Сонымен бірге, сарапшылар бұл көрсеткіш ресейлік білім беру жүйесінің бәсекелестік әлеуеті үшін жеткіліксіз екенін атап өтті. «Бұл тек жоғалған экономикалық пайда ғана емес, сонымен бірге көзден таса қалған орыс тілі, орыс ғылымының жетістіктері, орыс мәдениеті мен құндылықтарын таратудағы Ресейдің халықаралық аренадағы» жұмсақ ықпалының саяси мүмкіндіктері деп білген жөн (РФ БҒМ сайты).

Экономикалық тұрғыдан алғанда, бұл мүмкін болатын пайданың жоғалуы: «ЭБДҰ зерттеулер мен инновациялар орталығының ақпаратына сәйкес, білім беру қызмет көрсету экспорттау арқылы алынған жылдық кірістер бойынша Ресей әлемнің жетекші елдерінен әлдеқайда артта қалады». Мысалы, 2017 жылғы жағдай бойынша «бұл сома 150-200 млн доллардың аралығында ауытқиды; ұқсас көрсеткіш АҚШ-та 13 млрд доллар, Австралияда – 2,2 млрд доллар, Қытайда – 0,9 млрд доллар» (Чинаева, 2017: 65).

Бірқатар ресейлік зерттеушілердің жұмысында Ресей Федерациясы білім экспорттық әлеуетінің дамуын тежейтін факторлар айқындалды. Олар мыналар: «Ресей университеттеріне білім беру көші-қонының ағындарын қалыптастыру үшін институционалдық және құқықтық жағдайлардың жетілмегендігі; шетелдік студенттер мен олардың отбасы мүшелерінің жұмысқа орналасуына шектеулер; халықаралық нарықта білім беру өнімдерін жылжыту кезінде ресейлік университеттерді қолдау мен ынталандырудың экономикалық тетіктерінің болмауы; ұлттық университеттердің халықаралық рейтингтердегі беделінің төмендеуі; ресейлік жоғары оқу орындарында ағылшын тілді оқу бағдарламаларының аз саны; Ресейде шетелдік студенттердің тұруы мен оқуының жайлылығы мен қауіпсіздігіне кепілдік болмау» (Рогова, 2013:31).

Сарапшылардың енді біразы болашақта Ресей әлемде орыс тілін қолдану аясының қысқаруына және білім беру жүйелерінің әртараптандыруына, сондай-ақ білім беру қызметтерінің әлемдік нарығындағы дәстүрлі көшбасшылардың белсенділіктерін артуына және Түркия университеттерінің немесе Азия-Тынық мұхиты аймағының қарқынды дамып келе жатқан елдерінің жаңа ойыншыларының әсеріне байланысты ТМД елдерінен келетін талапкерлердің ағынының төмендеуін сезінуі мүмкін деп алаңдаушылық білдіруде. Мысалы, Әзербайжан мен Түрікменстан жастары Түркия университеттерін таңдайды, тіпті Қазақстанның өзінде – білім алу мигранттарының негізгі жеткізушілерінің бірі, «Болашақ» бағдарламасының ізденушілері үшін ұсынылатын жетекші жоғары оқу орындарының тізіміндегі 170 жоғары оқу орнының тек 15-і ғана Ресей университеті.

Қазіргі уақытта Ресей Федерациясының саяси басшылығы шетелдік студенттердің ағынын ұлғайту үшін өте өршіл мақсаттар қойып отыр: олардың саны үш есе артуы керек, егер ғылым және жоғары білім министрлігінің мәліметтері бойынша 2019 жылы Ресей Федерациясының резидент еместерінің күндізгі бөлімінде оқитындар саны 272 мың студент болса, 2025 жылға қарай бұл көрсеткішті 710 мың адамға жеткізу жоспарлануда. Болжанатын экономикалық әсер шетелдік студенттердің оқу ақысының есебінен қаржы көлемінің ұлғаюында болады – 2025 жылға қарай 70 млрд-тан 373 млрд рубльге дейін өсуі күтілуде (РФ БҒМ сайты).

Қазіргі Ресейдегі демографиялық жағдай білім беру миграциясының жандандыру факторы ретінде

Ресей Федерациясының білімінің экспорттық әлеуетін арттыру жөніндегі мемлекеттік саясаты демографиялық саланы дамытудағы басымдықтармен байланысты. Қазіргі ресейлік демографтар мен сарапшылар демографиялық параметрлердің дамуындағы теріс тенденциялар нәтижесінде пайда болған «демографиялық шұңқыр» туралы дабыл қағуда (халықтың табиғи өсуінің төмендеуі, халықтың азаюы, ұлттың «қартаюы» және т.б.) (Ивлиев, Черемисина, 2014:48-53).

Қазіргі Ресейдің демографиялық дамуындағы теріс тенденциялар мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық өмірінің барлық салаларына, ең

алдымен адам капиталын қалыптастыруға жауап беретін білім беру жүйесіне – еңбекке қабілетті, жоғары білімді азаматтар қауымдастығына әсер етеді. Ресей үкіметінің әлеуметтік-экономикалық болжамында 2024 жылға дейін халықтың табиғи азаюын шетелдіктер есебінен толығымен деп белгіленген. Әрине, мемлекет тұрақты дамуы үшін сапалы адами капитал қажет. Адами капиталдың мұндай сапасын Ресейдің саяси басшылығы, біріншіден, отандастардан көреді; екіншіден, жоғары білікті мамандар деп біледі.

Ресейлік зерттеушілер келтірген демографиялық мәліметтер орта мектеп түлектерінің – болашақ талапкерлердің күрт төмендегенін көрсетеді. Бұл білім беру қызметтері нарығындағы ұсыныстар әлеуетті тұтынушылар санынан асып кететін парадоксалды жағдайға әкелуі мүмкін, әсіресе бұл аймақтық университеттерге қатысты. Ресей Федерациясындағы қазіргі жағдай 724 университет (оның ішінде 229 мемлекеттік және 495 муниципалды) бар, олардағы студенттер саны – 4068327 (РФ БҒМ сайты).

Ресей Федерациясындағы демографиялық жағдайды жақсарту қажеттілігін ескере, ұлттық мүдделерді сақтай отырып, білім беру көші-қонын кеңейтуді реттейтін жаңа нормативтік-құқықтық актілерді енгізуді қамтитын бірқатар шаралар қабылданды. «Ресейдің 2025 жылға дейінгі демографиялық саясаты тұжырымдамасында» негізгі міндеттердің бірі: «мигранттарды демографиялық және әлеуметтік-экономикалық даму қажеттіліктеріне сәйкес, олардың әлеуметтік бейімделуі мен интеграциясының қажеттілігін ескере отырып тарту» (Тұжырымдама, 2016). Сондай-ақ, тұжырымдаманың басты мақсаты «демографиялық шұңқырдан» шығу шаралары ретінде «шетелде тұратын отандастардың Ресей Федерациясына тұрақты тұруға ерікті түрде қоныс аударуына жәрдемдесу, сондай-ақ эмигранттардың Ресей Федерациясына оралуын ынталандыру» көзделеді; білікті шетелдік мамандарды, оның ішінде ресейлік жоғары оқу орындарының түлектерін Ресей Федерациясына тұрақты тұруға тарту, оқуды аяқтағаннан кейін Ресей азаматтығын алуда ықтимал артықшылықтар бере отырып, Ресей Федерациясында оқу және тағылымдамадан өту үшін шет мемлекеттерден (ең алдымен ТМД қатысушы мемлекеттерден, Латвия Республикасынан, Литва Республикасынан және Эстония Республикасынан) жастарды тарту; Ресей Федерациясының көші-қон заңнамасын

жетілдіру; халықтың кетуінен орын алатын және ұлттық мүдделер үшін басым болып табылатын аумақтардың көші-қон тартымдылығын арттыру үшін әлеуметтік-экономикалық шараларды әзірлеу, иммигранттарды жаңа жағдайларға бейімдеу және оларды Ресей қоғамына біріктіру үшін қолайлы жағдайлар жасауға бағытталған федералды және аймақтық бағдарламаларды әзірлеу және енгізу. Орыстардың мәдениеті, діні, салт-дәстүрлері мен өмір салты; этникалық-конфессиялық қақтығыстардың алдын алу үшін иммигранттардың Ресей қоғамына интеграциялануына және жергілікті тұрғындар мен басқа елдерден келген иммигранттар арасындағы қарым-қатынаста төзімділікті дамытуға жағдай жасау табылады (Тұжырымдама, 2016).

Тағы бір ресми құжат «Ресей Федерациясының 2019-2025 жылдарға арналған мемлекеттік көші-қон саясатының тұжырымдамасы». Ол құжатта «бөлінген квоталар шегінде Ресейдің білім беру ұйымдарына түсу үшін дарынды шетелдік жастарды іріктеу тетіктерін жетілдіру» қажеттілігі көрсетілген (Тұжырымдама, 2019). Тұжырымдамаға «білім беру көші-қоны» ұғымы нақты бағыттардың бірі ретінде енгізілді және оны іске асырудың негізгі іс-шаралары көрсетілді.

Сондай-ақ, демографиялық жағдайды жақсарту мәселелерін шешуге «Ресей Федерациясынан тыс жерде тұратын отандастардың Ресей Федерациясына ерікті түрде қоныс аударуына жәрдемдесу жөніндегі мемлекеттік бағдарлама» да бағытталған (<https://xn--b1aew.xn--plai/folder/8365390>).

Соңғы онжылдықта көші-қон процестерін реттейтін заңнамаға бірқатар маңызды өзгерістер енгізілді, олар Ресей Федерациясында шетелдік азаматтар мен азаматтығы жоқ адамдарды оқыту жағдайларын жақсартуға бағытталған, сонымен қатар шетелдік студенттердің оқу кезеңінде еңбек қызметін жүзеге асыру және кеңейту мүмкіндігін көздейтін бірқатар заңдар қабылданды. Ресей Федерациясының Президенті Ресей Федерациясының аумағындағы кәсіби білім беру мекемелері мен университеттерінде күндізгі бөлімде оқитын шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдарды жұмысқа орналастыру тетігін жеңілдететін жаңа заңға қол қойды. Жаңа заңға сәйкес, Ресейде оқитын шетелдіктер арнайы патентсіз немесе рұқсатсыз оқытуды жұмыспен біріктіре алады. Себебі, осы заңнамалық акт қабылданғанға дейін шетелдік студенттер жұмысқа рұқсатсыз және патентсіз

тек өз ЖОО-да немесе олармен үлестес шаруашылық субъектілерінде еңбек ете алатын еді. Енді, Ресейде қосымша рұқсат құжаттарыңыз (жұмысқа рұқсат / жұмысқа патент) барлық шетелдік азаматтар, оның ішінде күндізгі оқу бөлімінің студенттері, орта арнайы білім беру ұйымдары мен университеттерінде оқитындар, оқудан қолы босағандар жұмыс істей алады.

Осылайша, Ресейдегі білім беру көші-қонының жандануына әсер ететін негізгі факторлардың бірі Ресей Федерациясындағы демографиялық жағдай болып табылатындықтан, осы саладағы мәселелерді мемлекеттік деңгейде шешу үшін білім беру мигранттарын олардың Ресей азаматтығын алу мүмкіндігімен біріктіру мақсатында мүмкін деген барлық шаралар қабылдануда.

Шетелдік студенттерді тартудағы Ресей Федерациясы мемлекеттік саясатының негізгі бағыттары

Ресей жоғары оқу орындарында шетелдік студенттердің оқуы 1996 жылы КСРО ыдырағаннан кейін, оның ішінде федералды бюджет есебінен қайта жанданды, жыл сайын 15000 студент білім грантына үміткер (Чинаева, 2017:64).

Көптеген дамыған Еуропа елдерінің университеттері шетелдік студенттерге мемлекет тарапынан қаржылық қолдауды стипендия түрінде ұсынады, бұл тәжірибе Ресейде де қолданылады. Әділдігін айтсақ, сараптамалық бағалауларға сәйкес, тегін оқуға құқық алатындардың үлес салмағы аз және шетелдік студенттер жалпы санының 4-5% құрайды (Глухов, 2018: 142). Осыған байланысты Ресей Федерациясының ғылым және жоғары білім министрлігі дарынды студенттерді тегін оқытуды қаржыландыруды ұлғайту туралы мәселе көтеруде.

Ресми құжаттардың талдауы көрсеткендей, шетелдік студенттердің контингентін көбейту мәселесіне мұқият назар аудару 2000 жылдан басталады. Мәселен, Ресей президенті В.В. Путин 2006 жылдың маусымында өткен Ресей ректорлар кеңесінің VIII съезінде сөйлеген сөзінде Ресей университеттерінің қызметін жандандыру және отандық жоғары мектептерді шетелде танымал ету арқылы «білім беру қызметтерін экспорттау» бағытын дамыту қажеттілігін баса атап өтті (Косевич, 2016).

Ресей білім беру қызметін халықаралық білім беру нарығында жетілдіру жөніндегі іс-шараларды жоспарлау және іске асыру үрдісін

реттейтін негізгі құжаттардың бірі ғылым және жоғары білім министрлігі әзірлеген 2011-2020 жылдарға арналған «Ресей Федерациясының білім беру қызметтерін экспорттау тұжырымдамасы» болып табылады. «Тұжырымдамада ...» ресейлік білім беру жүйесінің бәсекеге қабілеттілігіне көптеген елдер үшін экономиканың тиімді саласы, саясаттың маңызды бағыты және әлеуметтік, мәдени дамудың көрсеткіші болып табылатын білім беру қызметтерін экспорттаудың тиімді стратегиясын іске асыру негізінде қол жеткізуге болады, бұл ресейлік білім деңгейі мен сапасын интернационализация жағдайында арттыруды қамтамасыз етеді» (Тұжырымдама, 2011).

Стратегиялық сипаттағы бұл ресми құжатта инфрақұрылымды дамыту, қауіпсіздікті қамтамасыз ету және шетелдік студенттерге медициналық қызмет көрсету қажеттілігі туралы ережелер бар. Шетелдік білім алушылар контингентін кеңейтудегі проблемаларды шешудің маңызды шарты негізгі акторларға – жоғары оқу орындарына мемлекет тарапынан нормативтік-құқықтық регламенттеу және қаржылық қолдау болып табылады.

2014 жылы Сыртқы істер министрі «Ресейдің білімін шетелдегі Ресей Ынтымақтастық (Россотрудничество) өкілдіктерінің негізінде жылжыту тұжырымдамасын» бекітті. Бұл құжат ресейлік білімнің таралуына қатысты жағдайға талдау жасайды және студенттерді Ресейлік оқу орындарына тартудың тетіктері мен құралдарын іске қосады. Бұл үрдісті реттеуші «Россотрудничествоньң» шетелдегі бөлімшелері. Олардың мақсаттары шетелде орыс білімі мен орыс тілінің позициясын ілгерілету мен нығайтуға бағытталған мемлекеттік, федералдық бағдарламалар мен жобаларды әзірлеу және іске асыру. Жыл сайын Россотрудничество ресейлік білім беруді экспорттауға, халықаралық ғылыми ынтымақтастықты дамытуға жәрдемдесуге, шетелдік азаматтарды Ресейде оқуға тартуға, сондай-ақ ресейлік (кенестік) университеттердің түлектерімен өзара әрекеттесуге бағытталған бірқатар жобалар мен бағдарламаларды жүзеге асырады» (Россотрудничество сайты).

2013 жылы Россотрудничество ресейлік жоғары оқу орындарының консорциумымен бірлесіп ресейлік техникалық университеттерде оқу үшін ұлттық мектептердің түлектері үшін шет елдерде олимпиадалар өткізу жобасын іске қосты. «Ресейде оқу уақыты» деп аталатын олимпиадалардың негізгі идеясы – федералды бюджет есебінен Ресейге оқуға басқа

мемлекеттерден, әсіресе ТМД елдерінен талантты жастарды тарту және іріктеу тетігін құру болып табылады. Оның ішінде инженерлік-техникалық білім алғысы келетін талапкерлерге, пәндік олимпиадалардың жеңімпаздары мен жүлдегерлеріне ерекше назары аударылады. Өткізілген олимпиадалар, бір жағынан, талантты жастарды іріктеудің, бәсекелестік ортаны ынталандырудың тиімді тетігі болса, екінші жағынан, бұл ресейлік білім беру жүйесінің оң имиджін қалыптастырады. Ал осы олимпиадалар арқылы Ресей жоғары оқу орындарына тартылған дарынды болашағы бар жастар – өз елдері үшін орыны толмас интеллектуалдық жоғалтулар болу мүмкіндігі бар.

Ресми органдардың, сарапшылар қоғамдастығының жоғары оқу орындары қызметін мониторингілеу, талдау және нормативтік-құқықтық құжаттарды жетілдіру бағытындағы көп жылғы жұмыс 2017 жылы «Ресей білім беру жүйесінің экспорттық әлеуетін дамыту» сияқты басым жобаның басталуына себеп болды. Оның негізгі мақсаты «халықаралық білім беру нарығында ресейлік білімнің тартымдылығын арттыру арқылы Ресей Федерациясының шикізаттық емес экспортының үлесін арттыру» болып табылады (Жобаның паспорты, 2017). Премьер-министр болған кезде Дмитрий Медведев Ресей Федерациясы Президентінің жанындағы Стратегиялық даму және басым жобалар жөніндегі кеңес президиумының отырысында: «Білім экспорты – бұл университеттер үшін ақша табу мүмкіндігі ғана емес, ең алдымен бұл тұлғааралық қарым-қатынастың, мәдени байланыстарды кеңейтудің, ұлттық экономикаға ондағы ең талантты адамдарды тартудың ең күшті факторларының бірі» (Медведев, 2017).

Бұл жоба сегіз жылға арналған. Оның мақсатты индикаторлары – ресейлік университеттердегі шетелдік студенттердің санын үш есе көбейту және ресейлік білім экспортынан түсетін қаржылық түсімдердің көлемін бес есе арттыру.

Ресей Федерациясы Президентінің жанындағы Ресей халық шаруашылығы және Мемлекеттік қызмет Академиясының Ресей білім беру ұйымдарының халықаралық қызметтерінің қызметкерлерін даярлау және біліктілігін арттыру бойынша құзыреттілік Орталығын құру – жобаны іске асыру тетіктерінің бірі болып табылады. Бұл орталықтың негізгі жұмыстарының қатарына ғылыми-аналитикалық, ақпараттық және ұйымдастырушылық-техникалық қолдау,

Ресей білімін экспорттау және интернационализациялау саласындағы маркетингтік және әлеуметтік зерттеулер жатады.

Бүкіл жобаны жылжыту мен насихаттаудағы ең маңызды құрал – ресейлік білім беру жүйесінде бірыңғай интернет навигатор құру (<https://studyinrussia.ru/en/>). Шетелдік өкілдіктерде іс-шаралар өткізу және ресейлік және шетелдік медиада жарнама жүргізу арқылы Ресейдің жоғары білім беру жүйесін шетелде сапа белгісін көрсету.

Жоғарыда аталған мемлекеттік шаралардан басқа, стратегиялық федералды бағдарламалар мен бастамалар, мемлекеттік деңгейдегі нақты шаралар туралы шешімдер қабылданады. Атап айтқанда Ресей Федерациясынан тыс жерлерде тұратын азаматтар үшін Ресейдің жоғары оқу орындарына түсу рәсімдерінің қол жетімділігін қамтамасыз етуге бағытталады. Ресей Федерациясы Президентінің 2013 жылғы Федералды жиналыстағы Жолдауын жүзеге асыру жөніндегі тапсырмаларының тізіміне сәйкес Ресей Федерациясының Үкіметіне ресейлік ұйымдарда емтихан өткізу пункттерін құруды қамтамасыз ету тапсырылды. 2014 жылдан бастап Қырғызстан, Өзбекстан, Тәжікстан, Армения, Қазақстан және Түркіменстанда Ресей Федерациясының елшіліктері жанындағы мектептерде, Қорғаныс министрлігі мен Шекара қызметінің орыс мектептерінде, сондай-ақ Байқоңырдағы орыс мектептерінде емтихан алу мүмкіндігі пайда болды.

Ресей Федерациясында білім беру қызметтерінің экспортын кеңейту стратегиясын іске асырудағы практикалық қадамдардан басқа, ғылыми-аналитикалық қолдау (мониторинг, әлеуметтік сауалнамалар, қолданбалы зерттеулер) бойынша айтарлықтай жұмыстар жүргізілуде. Ресей Федерациясының ғылым және жоғары білім министрлігінің қолдауымен жүргізілген барлық зерттеулердің нәтижелері «Білім беру экспорты» ұлттық жобасының, «Білім беру» федералды жобасын жүзеге асыруда, атап айтқанда мақсатқа жету үшін – ресейдің жоғары білім беру ұйымдарындағы шетелдік студенттер санын екі, тіпті үш есе көбейту кезінде ескеріледі. Зерттеу нәтижелері негізінде ресейлік университеттерге шетелдік студенттерді тарту бойынша анықтамалық материалдар мен нұсқаулықтар дайындалды (Вашурина және басқалар, 2016).

Білім беру қызметтерінің экспортын дамыту стратегиясын практикалық іске асырудың негізгі

функциясы, әрине, Ресей Федерациясының университеттеріне жүктеледі, олар шетелдік студенттерді тарту процесінде халықаралық академияларда, халықаралық рейтингтерде беделін арттыру, сонымен қатар, ең бастысы, шетелдік азаматтарды оқытудан қосымша қаржыландыру алу мақсаттарын қояды.

Белгілі себептермен, елдің орталық университеттері әрдайым өз аймақтарынан кетіп, оларда оқуды армандайтын ресейлік үміткерлер үшін де, шетелдік студенттер үшін де тартымды болып қала береді. Алыс және жақын шетел студенттерінің сегментін ұлғайту курсы сәтті жүзеге асыратын аймақтық жоғары оқу орындарының мысалдары Томск және Новосибирск университеттері болып табылады, онда қазақстандық жастардың көп бөлігі оқиды.

Қорытынды

Осылайша, Ресейдің жаһандану және гуманитарлық саланың интернационализациясы, атап айтқанда білім беру жағдайында білім беру қызметтерінің сегментін кеңейту саясаты үш негізгі детерминантқа байланысты:

1. Ресейдің геосаяси мүдделері, әсіресе санкциялық режим жағдайында, көрші мемлекеттерге, әсіресе ТМД елдеріне әсерін ұстап тұру үшін «жұмсақ күш» тетіктерін іске асыру;

2. Экономикалық орындылығы: Ресей экономикасын экспорттық-шикізаттық бағыттан инновациялық әлеуметтік бағдарға қайта бағыттау;

3. Демографиялық жағдайды жақсарту қажеттілігі: Ресей азаматтарының мәртебесін беру перспективасымен білім беру мигранттарының Ресей халқының демографиялық құрылымына ену.

Осы сәттердің барлығы білім беру қызметтерінің экспортын кеңейту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру тетіктерін қалыптастыру кезінде ескеріледі. Бұл Нормативтік-құқықтық базаны (көші-кон және еңбек заңнамасы) жетілдіру арқылы іске асырылады); білім беру бағдарламаларын әртараптандыру, отандастардың қоныс аударуына жәрдемдесу, одан әрі жұмысқа орналасу мүмкіндігі бар ең талантты жастарды іріктеуге көшу, федералды бюджеттен бөлінетін гранттар мен стипендиялар түрінде қаржылық қолдау, шетелдік студенттер үшін қолайлы әлеуметтік орта мен инфрақұрылым құру және т. б.

Білім және ғылым халықаралық аренада көшбасшы елдердің геосаяси және гумани-

тарлық ықпал үшін күрестегі «жұмсақ күш» стратегиясының басым құралдары болып табылады. Ресей Федерациясы өзінің дамуының қазіргі кезеңінде, басқа әлемдік державалар сияқты, білім беруді интернационалдандыру және білім беру қызметтерін экспорттау арқылы мемлекеттің оң имиджін қалыптастыруға бар күшін салуда. Алайда, бұл процестің екінші жағы «мидың кетуі» («brain drain»), басқа елдерден Ресейге талантты жастардың келуі. Өкінішке орай, Қазақстан да ерекшелік емес, статистикаға сәйкес Ресейдің жоғары оқу орындарында қазіргі

уақытта 74 мыңға жуық қазақстандық студент білім алуда (РФ-дағы ҚР елшілігінің сайты). Жоғарыда талданған бірқатар факторларға байланысты Ресей Федерациясының білім беру қызметтерінің экспортын кеңейту стратегиясы Қазақстаннан өтелмейтін білім беру көші-қонын тудыруы мүмкін. Осыған байланысты білім беру көші-қонының теріс салдарын – зияткерлік капиталдың кетуін азайту үшін Ресей университеттерін бітіргеннен кейін қазақстандық жастардың оралуын ынталандыратын кешенді мемлекеттік саясат жүргізу қажет.

Әдебиеттер

Государственная программа по оказанию содействия добровольному переселению в Российскую Федерацию соотечественников, проживающих за рубежом. https://xn-b1aew.xn-p1ai/mvd/structure1/Glavnie_upravlenija/guvm/compatriots/information-pack

Глухов А.П. (2018) Образовательный экспорт в системе высшего образования. Кейс томских вузов // Вестник ТГПУ. – №7 (196). – С. 142–148.

Золочаевская Е.Ю., Скидан А.В., Мельниченко А.М. (2019) Особенности привлечения иностранных студентов в российские вузы: региональный аспект. Государственное и муниципальное управление // Ученые записки. – №1. – С. 117–33.

Ивлиев М.И., Черемисина Н.В. (2014) Демографическая ситуация в современной России // Социально-экономические явления и процессы. – Т.9. – №8. – С. 48–53.

Информация по вузам. Посольство Республики Казахстан в Российской Федерации – URL: <https://www.kazembassy.ru/rus/studenty/vuzy/> (дата обращения 26.09.2020)

Концепция внешней политики РФ (утверждена Президентом Российской Федерации В.В. Путиным 30 ноября 2016 г.). https://www.mid.ru/foreign_policy/official_documents/asset_publisher/CptlCkV6BZ29/content/id/2542248

Концепция демографической политики. http://www.consultant.ru/document/cons_doc_LAW_71673/

Концепция миграционной политики. <https://legalacts.ru/doc/kontseptsija-gosudarstvennoi-migratsionnoi-politiki-rossiiskoi-federatsii-na>

Концепция развития экспорта образовательных услуг РФ на период с 2011 по 2020 г.г. <https://cyberleninka.ru/article/n/kontseptsiya-eksporta-obrazovatelnyh-uslug-rossiyskoj-federatsii-na-period-2011-2020>

Концепция продвижения российского образования на базе представительств Россотрудничества за рубежом. <https://tur.rs.gov.ru/uploads/document/file/pdf>

Косевич А. (2006) Экспорт образовательных услуг сферы высшего образования: мировой опыт и российская практика: Автореферат дис. ... кандидата экономических наук : 08.00.14. – М.

Краснова Г.А., Гриншкун В.В. (2017) Особенности и преимущества онлайн-рекрутинга иностранных студентов // Вестник Российского университета дружбы народов. Серия Информатизация образования. – Т. 14. – № 4. – С. 391–398.

Масич В.А. (2015) Наука и образование как инструменты «мягкой силы» // Вестник РГГУ. Серия Политология. История. Международные отношения. – (1). – С. 117–125.

Медведев.Д. Заседание президиума Совета при Президенте Российской Федерации по стратегическому развитию и приоритетным проектам 30 мая 2017 года./URL: <http://government.ru/news/27862/>

Насимова Г.О., Жансугурова Ж.А., Халикова Ш.Б. (2020) Возвратно-миграционные намерения казахстанских студентов, обучающихся в зарубежных вузах // Вестник КазНУ. Серия Философия, культурология, политология. – (2) 72. – С. 99-108.

Нефедова А. И. (2017) Масштабы, структура и цели экспорта российского высшего образования. // Мир России. – Т. 26 (2). – С. 154–174.

Паспорт приоритетного проекта «Развитие экспортного потенциала российской системы образования» в редакции протокола от 30 мая 2017 года №6. <http://government.ru/projects/selection/653/28013/>

Привлечение иностранных студентов в российские университеты. Практическое руководство: (2016) [монография] / Е. В. Васьурин, О. А. Вершинина, др. – Екатеринбург: Изд-во Урал. ун-та. – 234 с.

Путин В.В. (2012) Россия и меняющийся мир // Российская газета. 27 февраля. <https://rg.ru/2012/02/27/putin-politika.html>

Рогова Т.М. (2013) Экспорт образовательных услуг российских вузов: барьеры и перспективы: Автореферат дис. ... кандидата экономических наук: 08.00.14. – Ростов-на-Дону. – 31 с.

Сайт Министерство науки и высшего образования <https://www.minobrnauki.gov.ru/>

Сайт Посольства РК в РФ. <https://www.kazembassy.ru/>

- Сайт Россотрудничества. <https://rs.gov.ru/ru>
Торкунов А. (2012) Образование как инструмент «мягкой силы» во внешней политике России. // Российское государство и международные отношения. – С. 85-92.
Чинаева Т.И. (2017) Основные тенденции развития международного рынка образовательных услуг // Статистика и Экономика. – (1). – С. 60-68.
Экспорт российских образовательных услуг: Статистический сборник. Выпуск 8. Министерство науки и высшего образования Российской Федерации. – М.: ЦСПиМ, 2018. – 536 с.
Nye J.S. (1991) Bound to Lead: the Changing Nature of American Power. N.Y.: Basic Books: pp.198–201.
J. Knight. (2014) The Diplomacy of Knowledge and Our Common Future. – Boston: Sense Publishers: pp. 1–20.
The Soft Power 30. A Global Ranking of Soft Power. <https://softpower30.com/wp-content/uploads/2019/10/The-Soft-Power-30-Report-2019-1.pdf>

References

- Gosudarstvennaya programma po okazaniyu sodeistviya dobrovolnomu pereseleniu v Rossiiskuu Federatsiu sootchestvennikov, prozhivaushikh za rubezhom [State Program of support to voluntary resettlement of compatriots living abroad] https://xn--b1aew.xn--p1ai/mvd/structure1/Glavnie_upravlenija/guvm/compatriots/information-pack
Glukhov A.P. (2018) Obrazovatelnyi eksport v sisteme vyshego obrazovaniya, keis tomских vuzov. [Export of education in Higher Education system. Case of Tomsk's higher education institutions]. Bulletin of TSU. – №7 (196). – Pp.142-148.
Zolochaevskaya E.U., Skidan A.V., Melnitchenko A.M. (2019) Osobennosti privlecheniya inostrannykh studentov v rossiskie vuzy: regionalnyi aspekt.[Peculiarities of attraction the foreign students to Russian higher education institutions: regional aspect] State and local government. Scholarly Notes. (1). – Pp.17-33.
Ivliev M.I.,Cheremissina N.V. (2014) Demographicheskaya situatsiya v sovremennoi Rossii. [Demographic situation of modern Russia]. Societal and economical phenomena and process. – Т.9. – №8.– Pp. 48-53
Kontseptsia vneshney politiki RF(utverzhdena Prezidentom Rossiyskoi federatsii V.V.Putiny 30 noyabrya 2016). [Concept of Russian Federation Foreign policy (approved by RF President V.V.Putin)] https://www.mid.ru/foreign_policy/official_documents/asset_publisher/CptlCk6B6BZ29/content/id/2542248
Kontseptsia razvitiya eksporta obrazovatelnykh uslug RF na period s 2011 po 2020.[Concept of educational services export development for the period 2011 till 2020]
Kontseptsia demographicheskoi politiki.[Concept of demographic policy] http://www.consultant.ru/document/cons_doc_LAW_71673/
Kontseptsia migratsionnoi politiki.[Concept of migration policy] <https://legalacts.ru/doc/kontseptsija-gosudarstvennoi-migratsionnoi-politiki-rossiiskoi-federatsii-na//>
Kosevich A. (2006) Export obrazovatelnykh uslug v sferе vyshego obrazovaniya: mirovoi opyt I rossiiskaya praktika/ [Export of educational services in Higher Education: world experience and Russian practice] – Avtoreferat dissertatsii kand. ekonom. nauk: 08.00.14. – М.
Kontseptsia prodvizheniya rossiiskogo obrazovaniya na baze predstavitelstv Rossotrudnichestva za rubezhom.[Concept of Russian Education promotion via Russian cooperation councils] <https://tur.rs.gov.ru/uploads/document/file/pdf>
Krasnova G.A., Grishkun V.V. (2017) Osobennosti i preimushchestva online rekrutings inostrannykh studentov. [Peculiarities and advantages of foreign students online recruiting]. Bulletin RUFП. Seria Informatization of Education. – Т. 14. – № 4. – Pp.391-398.
Masich V.A. (2015) Nauka i obrazovanie kak instrumenty “myagkoi sily”. [Science and Education as a tool of soft power]. Bulletin of RUFП. Seria Political Science. History.International Relations. – №1. – Pp. 117-125.
Medvedev D. Zasedanie prezidiuma Soveta pri Prezidente Rossiiskoi federatsii po strategicheskomu razvitiu i prioritnym proektam 30 Maya 2017.[Plenary Session of Russian Federation Presidential Council for strategic development of priority project]. URL: <http://government.ru/news/27862/>
Hassimova G.O., Zhansugurova Zh., Khalikova B. (2020) Vozvratno-migratsionnye namereniya kazakhstanskikh studentov obuchausheisya za rubezhnykh vuzakh.[Return-migration intentions of Kazakhstan students studying at foreign Higher education institutions]. Bulletin of KazNU. Philosophy. Cultural Studies. Political Science. – №2 (72). – Pp.99-108
Nefedova A.I. (2017) Mashtaby, struktura i tseli eksporta rossiiskogo vyshego obrazovaniya.[Scales, structure and purposes of export Higher education]. Russian World. – Т. 26. – № 2. Pp.154–174.
Passport prioritnogo proekta Razvitiya eksportnogo potentsiala rossiiskoi sistemy obrazovaniya v redaktsii protokola ot 30 maya 2017 g. №6.[Passport of Development priority project of the export potential of Russian educational system]. <http://government.ru/projects/selection/653/28013/>
Putin V.V. Rossia i menyaushiyasya mir. 27 February 2012. [Russian and changing world]. <https://rg.ru/2012/02/27/putin-politika.html>
Privlechenie inostrannykh studentov v rossiiskie vuzy. (2016) [Attraction of foreign students to Russian higher education institutions]. Prakticheskoe rukovodstvo: [monograph] / E.V. Vashurina, O.A. Vershinina I dr. – Ekaterinburg: Publish House of Ural University, – 234 p.
Rogova T.M. (2013) Eksport obrazovatelnykh uslug rossiiskikh vuzov: bariery i perspektivy [Export of Russian higher education institutions educational services]. Avtoreferat dis.kandidata ekonomicheskikh nauk: 08.00.14. Rostov-na-Donu. – 31 s.

- Ofitsialnyi site Ministerstvo nauki i obrazovaniya. [Website of Ministry of Education and Science] <https://www.minobrnauki.gov.ru/ru>
- Site Posolstva RK v RF.[Website of Kazakhstani Embassy in RF]. <https://www.kazembassy.ru/>
- Site Rossotrudnichestva [Website of Russian Cooperation].<https://rs.gov.ru/ru>
- Torkunov A. (2012) Obrazovanie kak instrument “myagkoi sily” vo vneshney politike Rossii. [“Soft power” as a tool of Russian foreign policy]. Russian State and international relations. – Pp. 5-92.
- Chinaeva T.I. (2017) Osnovnye tendentsii razvitiya mezhdunarodnogo rynka obrazovatelnykh uslug. [Main tendencies of the development of international market of educational services]. Statistics and Economy. – № 1. – S.60-68.
- Eksport rossiskikh obrazovatelnykh uslug:statisticheskii sbornik.[Export of Russian educational services: statistics]. Issue 8. – Ministry of Science and higher education of Rf. – M.: Ts SPiM, 2018- 536 p.
- Nye J.S. (1991) Bound to Lead: the Changing Nature of American Power. N. Y.: Basic Books: pp.198–201.
- J. Knight. (2014) The Diplomacy of Knowledge and Our Common Future. – Boston : Sense Publishers: pp. 1–20.
- The Soft Power 30. A Global Ranking of Soft Power. <https://softpower30.com/wp-content/uploads/2019/10/The-Soft-Power-30-Report-2019-1.pdf>